

«С.Сейфуллин атындағы Жаңалық орта мектебі» КММ қамқоршылық
кеңес отырысы болып өтті
№ Хаттама

25.08.2021ж

Тарбағатай ауданы, Жаңалық ауылы

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 1

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын басшылыққа ала отырып 2021-2022 оқу жылында тамақ ішетін оқушыларды анықтау туралы

Хабарламашы: Әлеуметтік педагог. Шакеева Б

ТЫҢДАЛДЫ

Күн тәртібіне байланысты әлеуметтік педагог Шакеева Бейбітгүл қысқаша хабарлама жасап өтті.

Хабарламада 2021-2022 оқу жылында тамақ ішетін оқушыларды анықтау мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуіріндегі № 158 бұйрығына 10-қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары сәйкес әзірленіп және мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілердің мынандай санаттарына:

мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылар;

жалпы жиыны 29 оқушыны тамаққа кіргізуге берілген өтініштерді қанағаттандыру туралы баяндады

ЖАРЫС СӨЗ

Мақашова Дариға: Барлық ата-ананың өтінішін қарай отырып жоғарыда ұсынылған оқушыларды тегін тамаққа кіргізуіміз орынды деп ойлаймын.



Шұғыманов Құмарбек: Ия, өтініштерді саралай отырып осы аталған статустағы оқушыларды қамтамасыз ету керек.

Қабдуллаева Кәмелхан: Өтініштерді қанағаттандыруымыз дұрыс. Өйткені бұл ауылдағы адамдардың тұрмыс тіршіліктерін, жағдайын білеміз. Берген отбасылардың өтініштері өте орынды .

ШЕШІМ

1. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуіріндегі № 158 бұйрығының 10 –қосымша заңнамасы бойынша мектептегі әлеуметтік жағынан аз қамтылған 29 оқушы қамқоршылық кеңестің шешімі негізінде ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.
2. Оқу жылы ішінде өзгерістер туындаған жағдайда өтініштерді қайта қарап ,отбасылық жағдайын басшылыққа алу және жүзеге асыру әлеуметтік педагог Шакеева Бейбітгүлге міндеттелсін
3. Осы аталған шешімдердің орындалуына бақылау жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жунисова Гульмираға тапсырылсын

Қамқоршылық кеңес төрайымы:
Хатшы:

К.Кабдуллаева
Л.Құлмұхамбетова